

1-Қыркүйек Білім күніне орай ұйымдастырылған іс-шараның

Хаттамасы

Тақырыбы: «Кел, балалар, оқылық!»

Мерзімі «01» қыркүйек

Уақыты: 09:00

Оқушылар саны:-----

Күн тәртібінде:

1. Мектеп директорының құттықтауы
2. Ата-аналардың құттықтауы
3. 1- сынып оқушыларының құттықтауы, ән би

Тыңдалды:

2022-2023 оқу жылының алғашқы қоңырау іс-шарасы санитарлық нормаларды сақтай отырып, 1- қыркүйек «Білім күніне» арналған «Кел, балалар, оқылық!» атты салтанатты жиыны ашық аспан астында өтті. Жиынға мектеп ұжымы, ата-аналар және 1-сынып оқушылары қатысты. Салтанатты шарада мектеп меңгерушісі Д.Санакулова -құттықтау сөз жолдап, мектеп табалдырығын алғаш рет аттап отырған 1-сынып оқушыларды, ата-аналарды және мұғалімдерді оқу жылының басталуымен құттықтап, сәттілік тіледі.

Жаңа оқу жылындағы құттықтаулардан кейін, мектепке енді ғана қадам басқан 1-сынып оқушылары жалықпай білім іздейтіндіктерін білдіріп, өлең шумақтарын айтып табыстады. Салтанатты жиын сәтті өтті. Білім күніне орай өткізілген жиыннан соң, 2-4 сынып оқушылары. Іс-шара мектептің фейсбук парақшасына жарияланды.

Қабылданған шешім:

Гигиеналық-эпидемиологиялық санитарлық ережелерді сақталына отырып іс-шаралар өткізілсін.

Аға тәлімгер: Тоғанова Т

**«Жас Ұлан» жоспарына сәйкес кезекті отырысының
Хаттамасы**

Мерзімі «07» қыркүйек
Уақыты: 11:00

Қатысқандар:

Күн тәртібінде:

1. 2022-2023 оқу жылының қорытындысы
2. Жаңа оқу жылына жас ұлан мүшелерін сайлау
3. 2022-2023 оқу жылына арналған жылдық жоспарды дайындап, бекіту
4. Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

1. №45 бастауыш мектебінің аға тәлімгері «Жас Ұлан» ұйымының мүшелеріне 2022-2023 оқу жылының екінші жартысында атқарылған жұмыстар туралы мәлімет берді. Ұландарды жаңа оқу жылымен құттықтап, оқушыларды белсенді түрде мектеп іс-шараларына ат салысуға шақырды.
2. «Жас Ұлан» ұйымының Ұланбасы мен мектеп тәлімгері ұйым мүшелерін сайлап, әр бағыт бойынша жауапты оқушыларды тағайындады.
3. Тәлімгер Т.Тоғанова «Жас Ұлан» ұйымының мүшелерін 2022-2023 оқу жылына арналған «Жас Ұлан» ұйымының жылдық жоспарымен, биылғы белгіленген атаулы күндермен таныстырып өтті.

Қабылданған шешім:

Гигиеналық-эпидемиологиялық санитарлық ережелерді сақтай отырып жоспарға сәйкес іс-шаралар өткізілсін.

Аға тәлімгер: Т.Тоғанова

«Жас Ұлан» ұйымы жоспарына сәйкес өткізілген іс-шараның

Хаттамасы

Тақырыбы: «Тіл-татулықтың тірегі»

Мерзімі «06» қыркүйек

Уақыты: 09:00

Қатысқандар:

Күн тәртібінде:

1. Салтанатты жиынның ашылуы
2. Тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлардың құттықтау сөзі
3. Мектеп белсенділерінің өнерлері(ән,би,)

Оқушылар саны: --- 60

Тыңдалды:

5 қыркүйек-Қазақстан Республикасының тілдері күні. Осы атаулы мерекені №45 бастауыш мектебінің «Тіл-татулық тірегі» атты іс-шараның салтанатты ашылу рәсімі аталып өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – мемлекеттік тілдің кеңінен қолдануды насихаттау, тіл-татулықтың, достықтың тетігі, тәрбиенің көзі, халықты біріктірудің маңызды факторы екенін өскелең ұрпаққа ұғындыру және оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту.

Мектепте іс-шараны ашып, ұстаздар мен оқушыларды мерекемен құттықтап, ыстық лебіздерін білдірді.

Іс-шара барысында ұйым белсенділері ән айтып, би билеп, мәнерлеп өлең оқыды, домбырамен күмбірлетіп күй тартты. Мерекені тамашалауға келген ұстаздар мен оқушылар рухани азық алып, көтеріңкі көңіл-күймен тарқады. Іс шара мектептің фейсбук парақшасына жарияланды.

Қабылданған шешім:

Гигиеналық-эпидемиологиялық санитарлық ережелер сақталына отырып осындай іс –шаралар өткізілсін.

Аға тәлімгер: Тоғанова

**«Жас Ұлан» ұйымы жоспарына сәйкес өткізілген іс-шараның
Хаттамасы**

Мерзімі : «13» қыркүйек

Қатысушылар: Бастауыш сынып оқушылары

Күн тәртібінде:

1. «Отбасы- бақыт мекені» атты сурет байқауы
2. «Менің отбасым» тақырыбында шығарма байқауы

Тындалды:

Тәрбиенің ең алғашқы бастамасын бала отбасында алады. Отбасы - әр бала үшін алтын бесік. Бала отбасы аясында түлеп өседі, оны мен солын сонда таниды. Ол отбасы жағдайында өмірдегі әр түрлі жағдайларда өзін қалай ұстауды, адамгершілік әліппесі: кішіпейіл болу, ізеттілік, сыйластық, үлкендермен және кішілермен қандай қарым-қатынаста болу сияқты тәжірибе жинақтайды және оны меңгереді.

№45 бастауыш мектебінде "Отбасы- бақыт мекені" атты апталығы басталды. Апталықтың мақсаты: жасөспірімдерге отбасы құндылықтарын насихаттау, патриоттыққа, ізеттілікке, үлкенді құрметтеуге баулу. Жанұясына, достарына деген жылы, ыстық қарым- қатынастарын арттыру. Адами болмысын ұмытпау. Жоспар бойынша сынып сағаттары, сурет, шығарма, эссе жазу байқаулары өткізілді.

Қабылданған шешім:

Гигиеналық-эпидемиологиялық санитарлық ережелерді сақтай отырып іс-шаралар өткізілсін.

Аға тәлімгер : Тоғанова Т

**«Жас Ұлан» ұйымы жоспарына сәйкес өткізілген іс-шараның
Хаттамасы**

Мерзімі : «13» қыркүйек

Қатысушылар: Бастауыш сынып оқушылары

Күн тәртібінде:

1. «Отбасы- бақыт мекені» атты сурет байқауы
2. «Менің отбасым» тақырыбында шығарма байқауы

Тыңдалды:

Тәрбиенің ең алғашқы бастамасын бала отбасында алады. Отбасы - әр бала үшін алтын бесік. Бала отбасы аясында түлеп өседі, оңы мен солын сонда таниды. Ол отбасы жағдайында өмірдегі әр түрлі жағдайларда өзін қалай ұстауды, адамгершілік әліппесі: кішіпейіл болу, ізеттілік, сыйластық, үлкендермен және кішілермен қандай қарым-қатынаста болу сияқты тәжірибе жинақтайды және оны меңгереді.

№45 бастауыш мектебінде "Отбасы- бақыт мекені" атты апталығы басталды. Апталықтың мақсаты: жасөспірімдерге отбасы құндылықтарын насихаттау, патриоттыққа, ізеттілікке, үлкенді құрметтеуге баулу. Жанұясына, достарына деген жылы, ыстық қарым- қатынастарын арттыру. Адами болмысын ұмытпау. Жоспар бойынша сынып сағаттары, сурет, шығарма, эссе жазу байқаулары өткізілді.

Қабылданған шешім:

Гигиеналық-эпидемиологиялық санитарлық ережелерді сақтай отырып іс-шаралар өткізілсін.

Аға тәлімгер : Тоғанова Т

«Жас Ұлан» ұйымы жоспарына сәйкес өткізілген іс-шараның

Хаттамасы

Тақырыбы: «Абайлаңыз бағдаршам!»

Мерзімі «23» қыркүйек

Уақыты: 09:00

Күн тәртібінде:

1. «Қауіпсіз мектеп» жол ережесін сақтау шаралары бойынша бастауыш сынып оқушыларымен түсіндірме жұмыстарын
2. «Жолда жүру» қауіпсіздігі туралы түсіндірме жұмыстарын мектеп инспекторымен бірлесе отырып өткізу.
3. Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

№45 бастауыш мектебінің «Жас Ұлан» ұйымы мүшелері және мектеп инспекторы Алдаберген Сағынғали оқушыларға "Жолда жүру ережесі" туралы түсіндіріп, жаяу жүргіншілер жолынан қалай өту керектігін түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Мақсаты: Жолда жүру ережелерін есте сақтауға, оқушыларға жол белгілерін неше түрі бар, оны білу не үшін қажет, жол белгілерінің атқаратын қызметі қандай екенін үйрету. Жол ережесін есте сақтау қабілетін, қызығушылықтарын арттыру, барлығымызға ортақ қойылған тәртіпті бұзбауға тәрбиелеу.

«Жол-көлік жарақатының алдын алу жөніндегі кең көлемді акция аясында «Жас жүргінші», «Абайлаңыз, бағдаршам» тәрбие сағаттары әрбір сыныпта жүзеге асты. «Жол ережелері» тақырыбында арнайы кесте түзілді.

Қабылданған шешім:

Гигиеналық-эпидемиологиялық санитарлық ережелерді сақтай отырып іс-шаралар өткізілсін.

Аға тәлімгер : -----

«Жас Ұлан» ұйымы жоспарына сәйкес өткізілген іс-шараның

Хаттамасы

Тақырыбы: «Қарттарым-асыл қазынам»

Мерзімі «01» қазан

Уақыты: 09:00

Қатысқандар: ұйым мүшелері

Күн тәртібінде:

Республикалық «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының ардагер ұстаздарды құттықтауы

Тыңдалды:

Бабаларым, рахмет сендерге!», - деп Мұқағали Мақатаев атамыз айтқандай бүгін №45 бастауыш мектебінің «Жас ұлан» ұйымының белсенді оқушылары оқушылары "1 қазан-Қарттар күнімен" өз еңбегін білім жолында, шәкірттерге тәлім-тәрбие беру мақсатында қызмет атқарған зейнеткер қарттарымызды айтулы мерекемен құттықтады.

Қарт ұстаздарымыз шәкірттерге алғысын айтып, өз батасын берді.

Қабылданған шешім:

Гигиеналық-эпидемиологиялық санитарлық ережелерді сақтай отырып іс-шаралар өткізілсін.

Аға тәлімгер : Тоғанова Т